

Сарыкөл ауданының мәслихаты

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы  
мәслихатының 2019 жылғы 17  
қыркүйектегі № 281 шешімі.  
Қостанай облысының Әділет  
департаментінде 2019 жылғы 11  
қазанда № 8699 болып тіркелді

Маслихат Сарыкольского района

**Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылының бөлек жергілікті  
қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті  
қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің  
сандық құрамын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 «Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Сарыкөл аудандық мәслихаты  
**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылының жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Сарыкөл аудандық мәслихатының «Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Тимирязев ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы»



---

2014 жылғы 25 маусымдағы № 184 шешімінің (2014 жылғы 14 тамызда «Сарыкөл» газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4948 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы**

**Т. Жауғаштин**

**Аудандық мәслихат хатшысының  
міндетін атқарушы**

**Г. Батуринец**

**Мәслихаттың**  
**2019 жылғы 17 қыркүйектегі**  
**№ 281 шешімімен**  
**бекітілген**

**Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылының бөлек жергілікті**  
**қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылының (бұдан әрі - Тимирязев ауылы) бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, «Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Тимирязев ауылы тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Тимирязев ауылының аумағындағы ауылдың тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

**2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Тимирязев ауылының әкімі шақырады.

Сарыкөл ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Тимирязев ауылының шегінде бөлек жиынды өткізуді Тимирязев ауылының әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Тимирязев ауылының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарына тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Тимирязев ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Тимирязев ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Тимирязев ауылының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Сарыкөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Тимирязев ауылының тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Тимирязев ауылы әкімінің аппаратына береді.

**Мәслихаттың  
2019 жылғы 17 қыркүйектегі  
№ 281 шешіміне  
қосымша**

**Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылының жергілікті  
қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің  
сандық құрамы**

| Елді мекеннің атауы   | Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылының тұрғындары өкілдерінің саны (адам) |
|---|--|
| Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Тимирязев ауылының тұрғындары үшін | 11   |